

Сот ісінің ерекшелігі



Соттық психология – заң психологиясының бөлімі. Бұл бөлім қылмыстық және азаматтық іске сот араласуының психологиялық аспектісін және соттық психологиялық экспертиза проблемаларын қарастырады.



Васильев сот-тергеушінің мамандық әрекетіндегі алты ерекшеліктерді ажыратады. Олар:

Әлеуметтік әрекет

Шы
"Т

Реконструктивті әрекет

Ұйымда

Тіркеу

- **Әлеуметтік әрекеті-** іскесер әрекетінің саяси белсенділігі. Қылмыскерлермен күрестегі негізгі ерекшелігі іскесерді құқықтық шаралардағы қатынасын, қылмыскерлерді қайта тәрбиелеудегі белсенділігі.
- **Шығармашылық танымдық-** қылмастық жағдай туралы керек қылмыс мәліметті жинақтау.
- **Реконструктивті әрекеті-** жинақталған мәліметтерді кәсіптік білім негіздеріне сүйене отырып, талдау және жинақтау оқылғанның себебін болғандығын құрастыру

- **Куәләндіру әрекеті-** жинақталған мәліметтерді заң негізінде құжаттармен куәләндіру протокол, постановление, т.б.
- **Коммуникативті әрекеті-** қарым-қатынасқа түсе білу, әсіресе сұрақ-жауап алу кезінде өте қажет.
- **Ұйымдастырушылық әрекеті-** жоспар құру мен оны жүзеге асырудағы еріктік шаралар.

Азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырудың тәртібін реттейтін құқық нормаларын мәжбүрлеп орындату тәртібі азаматтық іс жүргізу құқығы деп аталады.

Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні азаматтық істерді қарау және шешу барысында, сондай-ақ сот шешімдерін орындауға байланысты сот пен процеске қатысушылардың арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды құрайды. Мұндай қатынастарды реттеу тәсілі императивті диспозитивтік деп аталады.

Императивтік (императив — «өкімет», «үзілді-кесілді талап» заң — таңдауға жол бермейтін) деген соттың мемлекеттік билік органы екендігін және биліктік өкілеттіктер берілгенін білдіреді.

Соттың және судьяның талаптары, тапсырмалары, шақырулары және басқа да өтініштері, сот отырысының төрағалық етушінің өкімдері процеске қатысушылар үшін міндетті болып табылады. Сот төрелік етуді жүзеге асыру мақсатында процеске қатысушыларға мәжбүрлеу шараларымен (мысалы, сот отырысынан тәртіп бұзушыларды шығарып жіберу, мәжбүрлеп алып келуді жүзеге асыру), айыппұл салуға құқылы. Сондықтан азаматтық жүргізу қатынастарын билік және бағыныштылық қатынастары ретінде сипаттайды.

Диспозитивтік азаматтық құқық субъектілерінің осындай құқық объектілеріне билік етуге бағытталған әрекеттерді жасауға толықтай ие екендіктерін білдіреді.

● СОТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАҒИДАТТАР ЖҮЙЕСІ.

СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ МЫНАДАН КӨРІНЕДІ:

1. СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАП КӨРСЕТЕДІ;

2. СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ ПРИНЦИПТЕРІ БАРЛЫҚ ОРГАНДАР МЕН ТҰЛҒАЛАРҒА МІНДЕТТІ;

3. СОТ ТӨРЕЛІГІ ТУРАЛЫ НОРМАЛАРДЫ ДҰРЫС ТҮСІНДІРУГЕ ҮЛКЕН МАҢЫЗЫ БАР.



● Заңдылық.

Заңдылық - сот төрелігінің басты принципі ретінде орнықтырылады. Заңдылық принципі сот төрелігінде мынаны білдіреді:

1. сот төрелігін заңда белгіленген тәртіппен құрылған соттар ғана жүзеге асырады;
2. сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судьялар тәуелсіз және ҚР-сы Конституциясы мен заңдарға бағынады;
3. сот төрелігін жүзеге асыру кезінде соттар азаматардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша қызмет атқарады;
4. сот төрелігін жүзеге асыру кезінде соттар заң талаптарын қатаң сақтап отыруы қажет.

Сот төрелігін тек сот ғана жүзеге асыруы.

Бұл принциптің үлкен саяси маңызы бар. Себебі, осы принцип арқылы сот төрелігін соттардан басқа ешқандай мемлекеттік органдар мен ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар жүзеге асыра алмайтындығын белгілейді. Сондықтан, сот төрелігін тек соттар ғана жүзеге асырады, сөйтіп сот төрелігі арқылы соттар қылмысқа кінәлі тұлғаны анықтап, қылмыстық жазаға тартады және азаматардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіреді. Және бұл принцип арқылы соттардың қызметтеріне араласуға жол берілмейді.